

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

КӨТЕРМЕ-ТАРАТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІНІҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Байжолова Р.А., Амангельдиева Ж.А.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

baizholova_55@mail.ru, zhanar052@mail.ru

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу саласындағы проблемаларды шешу үшін республикада көтерме-тарату орталықтарының бірыңғай кешенінен тұратын Ұлттық тауар өткізу желісі құрылуда. Көтерме-тарату орталықтарының (КТО) желісін құру және дамыту жөніндегі тұжырымдама уақыт талабына айналды және 2018 жылдың ортасында бекітілді. КТО ет, сүт, бақша дақылдары, көкөністер, жемістер өндіретін ауылдар мен сауда нысандары, ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін, фермерлер өз өнімдерін әділ бағамен сата алуы үшін қажет. Бұл баға белгілеудің ашықтығын және өнімнің кепілдендірілген сатылуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Елде өндірілетін өнімдерді сақтау және сату жүйесін құру қажеттілігінің себебі өндірушілердің үлкен шығындарымен байланысты. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша елдегі көкөніс сақтау қоймаларының тапшылығы шамамен 70% - ды құрайды, ал кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш 90% - ға жетеді. Бұл өнімнің үлкен жоғалуына және оны ұзақ уақыт сақтау мүмкін еместігіне әкеледі. Мысалы, көкөністер мен жемістердің шығыны шамамен 19%, ет және сүт өнімдері - 5% құрайды. Бұл кәсіпкердің шеккен барлық шығындары өнімнің түпкілікті құнына жататынына әкеледі. Сауда инфрақұрылымына келетін болсақ, қазіргі уақытта елде 750 сауда базары бар, олардың көпшілігі (51%) стационарлық емес. Айта кету керек, іс жүзінде бірде-бір нарық заманауи талаптарға сәйкес келмейді. Тауарларды тез жүктеуге мүмкіндік беретін заманауи жүктемелер (қазір оны "кросс-док" деп атайды) және температура қоймаларының болмауы бағаға тікелей әсер етеді. Әрине, қолданыстағы нарықтарда тауар ағындарын бақылаудың ақпараттық жүйесі жоқ. Сонымен қатар, өндірушілердің сөрелерге қол жеткізу тетігі бұрмаланған баға белгілеудің, әділетсіз сауда маржаларының және белгілі бір кезеңдерде бағаның негізсіз өсуінің негізін құрайды.

2021 жылғы 21 мамырда өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ЕАЭО-ға қатысушы елдердің, сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстанның тауар өткізу жүйелерін бірыңғай еуразиялық тауар өткізу жүйесіне біріктіруді ұсынды. Ол 90-нан астам нысанды қамтиды және ЕАЭО-ның жетекші ритейлерлерінің жеткізу тізбегіне интеграцияланатын болады.

Қазіргі уақытта қазақстандық 24 объекіден басқа, Өзбекстанда 8 КТО және Қырғызстанда 4 нысан, сондай – ақ Ресейде Росагромаркет (5 нысан), Косино жобалары іске асырылу үстінде.

Бірінші кезеңде 2021-2022 жылдары өз мамандығына ие болатын 7 КТО

құрылатын болады:

- Нұр-сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларында -бөлу бойынша 3 КТО;
- Павлодар облысының Мичурин кенті мен Ақсу қалаларында; Алматы облысының Шенгелді ауылдық округі Қапшағай қаласында; Жамбыл облысының Шу қаласында - сақтау бойынша 4 КТО.

Ұлттық тауар өткізу жүйесінің ұсынылып отырған моделі жеке қаржылық бастама арқылы іске асырылатын болады. Бүгінде мемлекеттік жеке әріптестік жобасы бойынша бизнес-жоспарға салалық қорытындылардың басым бөлігі алынды. Көтерме-тарату орталықтары азық-түлік тауарларын өткізудің баламалы ұйымдық нысаны болып табылады.

Көтерме-тарату орталығы дегеніміз азық-түлік тауарларымен, кейін оларды ішкі және сыртқы нарықтарда көтерме өткізу үшін арналған сатып алу, дайындау, тарату және өзге операцияларды орындау үшін және қойма құрылыстарынан, сауда павильондарынан және арнайы жабдықтары бар басқа да үй-жайлардан тұратын көп функционалды сауда-логистикалық инфрақұрылым кешен болып табылады.

КТО -да азық-түлік тауарларын сатуды өндірушілер, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындаушы және қайта өңдеуші кәсіпорындар жүзеге асырады. КТО -да азық-түлік өнімі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден өнім сатып алу арқылы немесе иесі (консигнант) өнімді КТО қоймасына беретін консигнация шартын жасасу жолымен өткізіледі. Бұл ретте өнім оны өткізу сәтіне дейін консигнанттың меншігі болып қалады. Сатылмаған тауар консигнация шартының талаптарына сәйкес консигнантқа кері қайтарылады.

КТО мынадай функцияларды орындайды:

- ауыл шаруашылық тауарөндірушілердің өнімдерін қабылдау, салу, сақтау және өңдеу,

- тиісті мамандардың, зертханалардың болуы есебінен КТО аумағында сатылатын өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сатылатын тауарлардың сапасын тексеру мен сертификаттауды қамтамасыз ету;

- тауарлар қозғалысының логистикасын қамтамасыз ету;

- өнімді сату алдындағы дайындау, тауар партияларын жиынтықтау және өнімді көтерме саудада сату;

- өнім өндіру және қозғалысы бойынша талдау жүргізу (клиенттік базаны, өндірушілер базасын қалыптастыру) өнім түсетін арналар мен көздердің бақылануын қамтамасыз ету үшін;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына ақпараттық және консультациялық көмек;

- КТО-да сатылатын өнімдердің бағаларын күнделікті жинау және оларды көруге болатын жерлерде және интернет-ресурстарда орналастыру [1].

Көтерме сауда орталықтары бірыңғай жүйенің элементтері болып табылады, сондықтан оларды түрлері мен функционалдығы бойынша бөлу ең тиімді болып табылады.

КТО мынадай негізгі аймақтардан тұрады:

- 1) терминалды;

- 2) бақылау;
- 3) қойма;
- 4) сауда-көрме;
- 5) технологиялық;
- 6) әкімшілік.

КТО үш түрге бөлінеді: сақтау, сауда және тарату.

Саудаға мамандандырылған КТО -да кросс-докинг, температуралық бокс, сауда-көрме аймағы, сауда аймағы болуы қажет. Қажет болған кезде саудаға маманданған КТО -да кедендік бақылау аймақтары орналастырылады. Бөлуге маманданған КТО-да кедендік бақылау аймағының болуы қосымша қажет [2].

Көтерме-тарату орталықтарының желісі тауар өткізу жүйесінің негізгі қатысушылары арасындағы байланыстырушы буынға айналады және өндірушілерді, ритейлерлерді, жеткізушілерді бір кластерге біріктіреді. КТО сақтау мен өңдеуден бастап өнімді таратуға және өткізуге дейін мамандандырылған қызметтерді ұсынады. Бұл инфрақұрылым өнімді жеткізудің негізгі бағыттары үшін тиімді көлік-логистикалық арналарды құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ЕАЭО, Орталық Азия және Қытайға экспорттық-импорттық операциялар жүзеге асырылады, бұл өткізу нарықтарын кеңейтеді. Елдің барлық өңірлерінде өндірушіден сөреге дейін тауар қозғалысының тізбегін қамтитын көтерме-тарату орталықтарының желісін құру жоспарлануда.

Көтерме азық-түлік нарықтары тауарларды ұсыну, таңдау және сату процесін ұйымдастыру, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға нарық қызметінің барлық аспектілері туралы ашық ақпарат беру мақсатында құрылады [3, б.15].

Шешілетін міндеттердің ауқымдылығына, көтерме саудаға қатысушылардың көптігіне, инженерлік коммуникациялар мен көлік байланыстарына қажеттілікке байланысты көптеген көтерме сауда рыноктарының қала құраушы маңызы бар. Бұл өсіп келе жатқан қала халқын ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін көтерме азық-түлік базарларының құрылуымен байланысты. Бұл мәселені сәтті шеше отырып, көтерме сауда нарығы қалалық және қала маңындағы инфрақұрылымның қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Көтерме азық-түлік нарығының мөлшері бірқатар факторларға байланысты: қызмет көрсетілетін халықтың саны мен өмір сүру деңгейі; нарықтардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін көлік коммуникацияларының болуы; нарық орналасқан аумақтың өндіргіш күштерінің жай-күйі және т. б.

Қолданыстағы нормативтерге сәйкес көтерме сауда базарына 10000 қызмет көрсетілетін қала тұрғындарына 0,47-0,50 га аумақ талап етіледі. Сондықтан халық саны 300000 адамнан асатын қалаларда көтерме сауда нарығын орналастыру оңай емес.

Саудаға бағдарланған КТО өткізудің көлемді нарығы, тиімді географиялық орналасқан жері бар қалалардан 20 километр қашықтықта орналасатын болады. Олардың қызметі фермерлерді өткізу нарықтарына жақындату болып табылады.

Таратуға бағытталған КТО қала ішінде орналасқан. Олардың аумағында кедендік терминалдың болуы жүктерді ресімдеу рәсімін жеделдетуге мүмкіндік

береді.

Азық-түлік жеткізушілері арасындағы көтерме сауда нарығында туындайтын бәсекелестік халықты қажетті ассортименттегі тауарлармен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырады, ал сатушылар үшін бірыңғай сауда кеңістігінде ведомстводан тыс бақылау мүмкіндігі ұсынылатын және тұтынылатын өнімнің сапасын арттырады. Бұған, атап айтқанда, тауар ағындарының жолға қойылған жүйесінің болуы сапасыз тауарлардың тұтынушыға келіп түсуін бақылауға және алдын алуға мүмкіндік береді [4, б. 61].

Көтерме азық-түлік нарықтарының тағы бір маңызды функциясы-тауарларды нарыққа жеткізетін көлікті ұтымды пайдалану арқылы аймақта өндірілетін тауарларды республиканың басқа облыстарының көтерме сауда нарықтарына жылжыту. Автокөлікті ілеспе тиеуді жүзеге асыру кезінде жеткізу мен бөлудің әдеттегі схемасы кезінде басқа өңірлерде рентабельді емес жергілікті өндірушілердің тауары бәсекеге қабілетті болады. Жергілікті нарықты қанықтыру және бағаның төмендеуі кезінде рентабельділіктің төмендеуін болдырмау үшін ұсыныстарды икемді реттеу мүмкіндігі пайда болады.

Көтерме-тарату орталықтарының артықшылықтарына қарамастан, қазіргі уақытта инвестициялар тартумен байланысты көптеген проблемалар бар. Мәселен, Қазақстанның КТО Одағы АӨК инвестициялық субсидиялары мысалында қағидаларға 40-паспортты қосуды ұсынады, ол КТО салу кезінде келтірілген шығындарды өтеуді көздейтін болады. Сондай-ақ айналым қаражатын толықтыру үшін де, басталған және белгіленген инвестициялық жобаларды іске асыру үшін де банктік кредиттік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Мемлекет тарапынан көтерме-тарату орталықтарына қосымша қолдау талап етіледі, атап айтқанда: қазақстандықтарды ҚХР, Өзбекстан, Тәжікстаннан осы елдерден келетін арзан көкөністермен және жемістермен қамтамасыз ету мақсатында шекараларда "жасыл дәліз" құру; сауда және қойма объектілерін ұлғайту үшін жекелеген бағдарламалар құру; сауда қызметін жүзеге асыру үшін коммуникациялары жүргізілген жерлер беру; сауда субъектілерінен тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін сатып алу.

АӨК субсидиялау жүйесінде "міндеттемелерге айырбас ретінде жеңілдіктер" қағидатын пайдалану ұсынылады, яғни субсидиялар алған кезде ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші тұрақтандыру қорлары арқылы белгілі бір өнім көлемін КТО -ға жеткізуге міндетті.

КТО уақыт пен кеңістікте қозғалатын тауар және қаржы ағындары туралы ақпараттық кеңістіктің тораптары болып табылады. КТО ақпараттық желісі нарықтың барлық әлеуетті қатысушыларына белгілі бір уақыт кезеңіндегі оның жай-күйі туралы мәліметтерді (бағалар, қолда бар тауардың түр-түрі, тауар айналымының көлемі және т.б.) беру мақсатында құрылады.

КТО жекелеген тауар позициялары бойынша ҚР импортқа тәуелділігін төмендетуде және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағалық тұрақтылықпен азық-түлік нарығын қанықтыруда өз рөлін атқарады.

КТО арқылы өнімді өткізудің нақты мүмкіндігі бұрынғы монополистермен, Қуаттылығы үлкен қайта өңдеу кәсіпорындарымен бәсекелесетін жаңа, экономикалық тиімді өндірістердің (май зауыттары, сүт комбинаттары, мал сою және шұжық цехтары, жылыжайлар, диірмендер) пайда болуына ықпал етеді. Мұндай өндірістерді құру ауыл тұрғындарын жұмысқа орналастыру проблемасын шешуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі.

КТО арқылы өткізілетін өндіріс көлемін ұлғайту және азық-түлік өнімдерінің ассортиментін кеңейту Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, импорттық тауарлардың елдің ішкі нарығына қысымын төмендетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге әлемдік азық-түлік нарығына шығу мүмкіндігін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығы
2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 қазаны № 222-НҚ бұйрығымен бекітілген Көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптар
3. Пособие по управлению оптовыми рынками. / Берчел Майк, Колтер Хью. -Астана: Программа технической помощи Европейского Союза для Казахстана, 2004. – 208 б.
4. Квасов И.А., Кайгородцев А.А. Роль оптовых продовольственных рынков в решении социальных проблем (на примере Республики Казахстан) // Региональная экономика: теория и практика. – 2006. - № 7 (34). – Б. 58-64

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ НА МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС

Баймагамбетова А.А.

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Казахстан, г. Нур-Султан

princess.empire@mail.ru

Малый и средний бизнес играет огромную роль в экономике каждой страны. С приходом пандемии ситуация в малом предпринимательстве значительно ухудшилась [1]. В 2020 году пандемия «Covid – 19» оказалась опасна не только для здоровья населения, но и негативно повлияла на экономику страны в целом. И на сегодняшний день масштабы экономического кризиса сложно оценить до конца.

Известно, что в экономически благополучных странах доля малого и среднего бизнеса в производстве ВВП составляет не менее 50%. А в Казахстане доля МСБ достигает 30% от валового внутреннего продукта. Это 37% от общего числа занятого населения [2]. Ситуация с «Covid – 19» стала причиной еще более